

**Әл-Фараби атындағы
кітапхана**


Ақын, драмашы, прозашы, аудармашы
Ілияс Жансүгіров туылғанына 125 жыл.

**Кітапхана қорының
топтамасы**




Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

І.Жансүгіров поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары бар. А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын, М.Лермонтовтың, А.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің, қазақ тіліне алғаш рет толық аударды.




Дүйсенов, М. Т. Ілияс Жансүгіров [Текст] : өмір творчествосы / Дүйсенов, МырзабекТөлегенұлы. - Алматы : Ғылым, 1965. - 301 б.

Бұл кітапта ақын творчествасы жеке дара қаралмай, қазақ совет әдебиетінің даму процесімен байланыстырыла бүгінгі әдебиетіміздің өзекті проблемалары жағынан талқыланады.




Әбдірахманова, Тұрсынхан. Акын сыры [Мәтін] : Ілияс Жансүгіровтың лирикасы туралы / Т. Әбдірахманова. - Алматы : Жазушы, 1965. - 159 с.

Бұл еңбекте қазақ совет әдебиетінің іргетасының қалаушылардың бірі Ілияс Жансүгіровтың лирикалық өлеңдеріне талдау жасайды.




Дайырова, Ә. Әнеш. X класта
Ілияс Жансүгіров творчествосын оқыту [Текст] : (Көмекші
құрал) / Ә. Әнеш. Дайырова. - Алматы : Мектеп, 1969. - 123
б.

Бұл мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал Ілияс
Жансүгіровтың творчестволық жолы, поэмаларын оқыту және
поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінен тұрады



Иманғазин, М. Мұратбек. Ілияс Жансүгіров [Текст] : монография / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2004. - 218,[1] б.

І. Жансүгіров шығармашылығы турасындағы монография оқу процесінде пайдаланатын қажетті еңбектерінің бірі екені талассыз. І. Жансүгіровтың тек ақындық ғана емес, сонымен бірге прозаик, журналист, қалымы қарымды публицист, сатирик, драматург, аудармашы және тағы да басқа қырлары осы монографияда қарастырылған.




Жилкибаев, Б. Мой Ильяс/ Берик Жилкибаев.- Алматы: кін Көмек, 2005.- 186 с.

Истинно народное понимание истории казахского народа представлено в поэма «Кюйши и «Кулагер», в прозаических очерках о событиях 1916 года и других шедеврах. Отношение к природе, экологии ярко с проникновенным лиризмом запечатлено в «Картинах Семиречья». Отношение к Женщин, нравственно-этический кодекс рыцарского поведения мужчины-казаха раскрывается в лирическом цикле, посвященном принципом Фатиме. При составлении мысль Мухтара Ауэзова о том, что Ильяс является «расширяющейся галактикой» его поэзия покоряет умы и сердца новых читателей, сближая казахский народ с другими народам. Это книге, думается, явится еще одним шагом в осуществлении указанного благородного принципа.




Жансүгіров, І. Мен - осы шынайы махаббат иесі/ Ілияс Жансүгіров.- Алматы: Айан, 2002.- 216 б.

Бұл еңбекте І. Жансүгіров творчествасының даму кезеңдері, жаңа тақырып, суреттеу шеберлігі, тіл байлығы, лирикалық-эпостық жанрларды меңгеру. Оған қосқан үлестері талданады. Еңбектің ең маңызды жері ақынның сыншылдық көзқарасы мақалаларын, сатиралық шығармаларын, сөйлеген сөздері мен баяндамаларын талдау арқылы айқындалған. Сондай-ақ ақынның қазаға ұшырауының себептері, жазықсыз атылуы мен ақталуы кең қамтылған.



Жансугуров, И. Рассказы и фельетоны/ Ильяс Жансугуров.- Алма-Ата: Худож. лит., 1958.- 188, [3] с.

Один из основоположников казахской советской литературы, крупный и талантливейший поэт, достигший за короткий творческий путь больших высот в поэзии, Ильяс Жансугуров пробовал свои силы также и в других жанрах литературы: он писал пьесы. Книга состоит из литературоведческих статей, очерков, новел, фельетон и рассказов.




Жансүгіров, І. Шығармалар: өлеңдер мен поэмалар / Ілияс Жансүгіров.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1958.- 630 б.

Қазақ совет поэзиясының негізін қалаушылардың бірі Ілияс Жансүгіров артына мұра қалдырған үздік ақындардың бірі. Бұл жинақ ақынның өз заманындағы халықты толғандырған табиғат лирикасы, соғыс, әйел теңсіздігі, туған жер тақырыптарында және орыс ақындарынан аударған аудармаларынан тұрады.




Жансүгіров, І. Жастарға: Өлеңдер жинағы / Ілияс Жансүгіров.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1959.- 60 б.

І.Жансүгіровтың «Жастарға» атты өлеңдер жинағына «Жалпы жасқа», «Ағынды менің ақсуым», «Бұл», «Шаттық жыры», «Қазақ қызы» т.б табиғат лирикасы, жастар, соғыс тақырыбынан тұратын туындылары енгізілген.




Жансүгіров, І. Поэмалары: [10 кл. үшін кл. тыс оқуға арн. кітап] / Ілияс Жансүгіров.- Алматы: Мектеп, 1972.- 176 б.

Бұл жинаққа І. Жансүгіровтың «Күй», «Күйші», «Жастар», «Жаңа туған», «Исатай» т.б поэмалары енген. Мектеп оқушыларына арнайы шығарылған жинақ.




Жан қайығын жарға ұрдым [Мәтін] : ілияс Жансүгіров жайында естелік / құраст. М. Иманғазин. - Алматы : Қазақстан Жазушылар одағының Аударма алқасы, 1995. - 90, [2] б.

Бұл кітап қазақтың дүлдүл ақына арналған естелік-жинақ. Ұлы ақынның көзін көрген, әңгімесін естіген, жанында жүріп сыр алысқан замандастарының естеліктері енгізіліп отыр. Естеліктегі тың деректер ақын өмірінің тереңнен танып білуге жол ашады.




**Жансүгіров, І. Мен - осы шынайы махаббат иесі/ Ілияс
Жансүгіров.- Алматы: Айан, 2002.- 216 б.**

Совет әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, аса дарынды ақын І. Жансүгіров қаламынан туған туындылар көркем сөз өнерінің алтын қорынан айрықша орын алады. Ілияс өз өлең-поэмаларында совет халқының қаһармандық өмір өткелдерін жаңарған, жасарған заманның көрікті көріністерін шалқар шабытпен жырлай білген. Бұл жинаққа әркезде жазған таңдаулы туындылары енгізіліп отыр.




Джансугуров, И. Стихи. Поэмы: Пер. с каз. / Ильяс Джансугуров; Сост.: И. И. Джандосова-Джансугурова.- Алматы: Ценные бумаги, 2001.- 207, [3] с.

В сборник включены переводы избранных произведений замечательного поэта, основоположника казахской поэзии И.Джансугурова. Превосходный знаток природы Казахстана, его истории и национальных поэтических традиций Джансугуров выступает в своем творчестве певцом коренных преобразований жизни казахского народа. Поэмы Джансугурова «Кюй», «Кюйши», «Кулагер» соединяют в себе историю и легенды, их отличает глубокое понимание прекрасного в человеке и природе.




**Жансүгіров, І. Мен - осы шынайы махаббат иесі/ Ілияс
Жансүгіров.- Алматы: Айан, 2002.- 216 б.**

Бұл жинаққа қазақтың классик ақыны І. Жансүгіровтың сүйген жарға деген махаббатын, туған жерге, пырақ тұлпарға, күй мен ән өнеріне сүйіспеншілігін жырлаған өлеңдері мен дастандары берілген.




Жансүгіров, Ілияс. Құлагер [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар / І. Жансүгіров. - Алматы : Атамұра, 2003. - 356 б.

Қазақ халқының дүлдүл ақыны Ш. Жансүгіровтың шығармашылығы өзіндік шеберлігімен, әсем нақышты бояуларымен ерекшеленеді. Өлең-жырларында оның өз халқын, туған жерін, елін шексіз сүйген ең нәзік сезімі суреттелген.. Бұл жинаққа ақынның үлкен талантын танытатын, асылдың сынығындай өлеңдері мен поэмалары топтастырылды.



Жансүгіров, І. Ілияс. Құлагер [Текст] : өлеңдер мен дастандар / І. Жансүгіров. - Алматы : Жазушы, 2004. - 207,[1] б.

І. Жансүгіровтың бұл кітабына таңдаулы өлеңдері мен дастандары енді.



Жансүгіров, І. Құлагер. Күй. Күйші. Дала. Өлеңдер:
[шығармалар жинағы] / Ілияс Жансүгіров.- Алматы: Өлке
баспасы, 2012.- 319, [1] б.- (Жасөспірімдер кітапханасы).

Бұл топтамаға қазақ поэзиясының құлагері атанған І. Жансүгіровтың атақты Ақан серінің сұлу да трагедияға толы өмірінің соңғы бір сәтін шығармаға арқау ете отырып, Ақанның барлық ішкі жан сырын, биік арман-мұратын жан-жақты суреттеген. «Құлагер» поэмасы мен «Күй», «Күйші» поэмалары және «Жетісу суреттері» атты өлеңдері топтамалары енгізілген.